

«Эндаумент АТУ» Корпаративтік қорының Start up жобалар
сайысының жеңімпазы
«IT Solutions centre» ЖШС жұмысы қысқаша есебі

2018 жылдың 28 қарашасында «Эндаумент АТУ» Коорпаративтік Қоры ұйымдастырған Start up жобалар сайысында жеңімпаз атанып 500 000 теңге гранты иегері атанды.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы: «Біз цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек» деген талабының жүзеге асыру мақсатында 2019 жылдың 19 қаңтарында «Эндаумент АТУ» Корпаративтік қоры мен бірлескен IT Solutions Centre ЖШС ашылды.



Сайт жазу мен мобильдік қосымшалар
әзірлеу



Робототехника, бағдарламалу курстары



Компьютерлік сауаттылық курстары мен
ұстаздар біліктілігін арттыру орталығы

Негізгі жұмыс істеу бағыттары бойынша төмендегідей іс-шаралар жасалды

1. Ортақ мақсаттар мен мүдделерге жету бағытында, Instagram және Telegram әлеуметтік желілерінде арнайы парақша ашылып, жарнамалау жұмыстары жүргізілуде. Арнайы IT solutions centre ЖШС белгісі әзірленді.



Solutions
center

2. 2019 жылдың 1 ақпан күні Инжиниринг және ақпараттық технологиялар факультеті студенттері арасында *Халықаралық IT Планета 2018/19* ақпараттық технологиялар саласында 1 кезеңі ұйымдастырылды. Олимпиада да 30 студент бақ сынады. Келесі кезеңге 10 студент жолдама алды.

3. Робототехника саласы бойынша студенттер мен оқушыларға қосымша курс өткізу үшін Халықаралық *РОББО академиясы* мен *Назарбаев интеллектуалдық мектептері* тәжірибесі негізінде «Робототехника курсына кіріспе» әдістемелік нұсқаулығы әзірленді.
4. Пилоттық жоба ретінде **WEB ЖОБАЛАУ** курсы бойынша сабақтар жүргізілді.. *Мақсаты:* Сайттарды нөлден бастап толық іске асыруға дейін жасаудың бүкіл процесін түсіну. ІТ сфераның қалай жұмыс істейтінін біліп, бұл сферада өз орнынды қалай таңдауға болатынын үйрену. Дәрістер саны : 12, қатысушылар саны әр топта 4-5 студент



5. Жастар жылы аясында 2019 жылдың 14-15 ақпан күні «Халық Арена» мұз сарайында тұңғыш рет студенттер арасында Робототехникадан "ITU Roboson 2019" республикалық чемпионаты өтті. Қазақстанның үздік деп танылған 15 студенттік командасы робототехника

саласындағы чемпион атағына таласу үшін бір ойын алаңында бақ сынасты. Чемпионат ҚР ғылым және білім министрлігі мен Елбасы Тұңғыш президент қорының қолдауымен өткізілді. Осы дүбірлі додаға университетіміздің намысын Роболаб студенттік оқу зертханасы студенттері абыроймен қорғап шықты. Әділ қазы алқалары мен сарапшылардың жоғары бағасын иеленді. Үздік инженерлік шешімдер мен конструкциялар қатарынан енді. Жапониядан келген мамандардың да оң бағасын алды.



IT Solutions centre
ЖШС бас директоры



Н.Б.Жұмахан

